


# Жаңалығы мол Жолдау



Qazaqstan Respýblıkasy  
Prezidentiniń joldaýy

2019 жыл қоғамдық-саяси, әлеуметтік өзгерістерге толы болуымен ерекшеленіп отыр. Елдегі қордаланған әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелерді шешуді биліктен күткен халық 2 қыркүйекте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауын қарсы алды. Халық қашанда өзінің әл-ауқатын арттыратын іс-шараларды, бағдарламаларды биліктен күтеді. Бұл Жолдауда халықтың әлеуетін көтеруге, мемлекеттің экономикалық қуатын арттыруға, ел бірлігі мен оның қауіпсіздігі сияқты келелі мәселелерді шешуге арналған.

Президенттің көтерген маңызды сұрақтарының бірі – қазақ тілінің мәртебесі. Биыл "Тіл туралы заңның" қабылданғанына тура 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік алған уақыттан бері біршама маңызды шара жасалды. Алайда, қазақтардың барлығы қазақ тілінде сөйлеп кетті десек артық айтқан болармыз. Еліміздің солтүстік және шығыс аймақтарында қандастарымыздың тілі кеш шыққан баланың тіліндей әлі күнге дейін шалалық жағдайында. Әлі де мемлекеттік іс-қағаздар орыс тілінің ғығынан шыға алмай отыр. Бұған сәйкестігіне өте

өзгерту, кезек күтпінмейтін мәселе болып отыр. Мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер көп деп айта алмаймыз. ҚР Президентінің Парламент талқысына "Педагог мәртебесі" мен мұғалімдердің жалақысын 25 пайызға көтеруді ұсынуы бұл мәселенің де шешімі жуық арада шешіледі-ау деген үмітке жетелейді.

Жолдаудағы көптен бері, ел арасында дау тудырып отырған жайт – жер мәселесі. Жер – атадан балаға мұра болып келе жатқан ең басты құндылығымыз. Біздің ел, ұлт болып ұйысып отырғанымыз, әлемге танылуымыз да осы ұлан байтақ жеріміздің арқасы. Осы бағытта мемлекет басшысы көпшілікті толғандырып жүрген жер мәселесі туралы: "Мемлекет басшысы ретінде тағы да мәлімдеймін: жеріміз шетелдіктерге сатылмайды. Оған жол берілмейді", – деп атап өтті. Ол бұл мәселе бойынша қауесет таратуды доғару керектігін ескертті. Яғни Президент жер халықтың ортақ меншігі, жер мемлекеттің иелігінде екендігінен хабардар етіп, оған ешкімнің қол сұғуға құқы жоқ екендігіне тағы да көзімізді жеткізді.

Демократияның қорам

Ассамблеясы үлкен маңызды және басты роль аткарып отыр. Ел бірлігі, мемлекеттің тұтастығы, оның дамыған мемлекеттер қатарында, қауіпсіз болуы – Қазақстанда тұратын бар ұлт пен ұлыстың басты арманы мен мұраты.

Жолдаудағы келесі маңызы өте зор сұрақтардың бірі – ел азаматтарын жиі мазалай беретін мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорындағы қаржының сақталу, қолдану мәселесі. Президент салымшылардың алдағы уақытта зейнетақы қорларында жинақталған қаражаттың белгілі бір бөлігін зейнет жасына жетпей өз қажеттерін пайдалануға мүмкіндігі барын атап көрсетті. Қазіргі таңда ол қаражаттарды қолданудың механизмдерін жасауға тапсырма берілген. Өмір бойы маңдай теріңмен тапқан қаражатты тек зейнетке шығуды күтпей, оны балашағамен қызығын көру де ғанибет.

Мемлекет басшысы шағын бизнеспен микрокомпанияларды үш жылы салықтан босату туралы туралы тапсырма беріп, 2020 жыл

тілінің ығынан шыға алмай отыр. Бұған орыстілді сла-  
вяндар мен орыс халқы  
кінәлі деуге де болмайды.  
Жалпы нақтылы өмірде  
қазақ тілінің қолданыс  
аясы кенжелеп отыр. Бұл  
жерде біз кінәні өзімізден  
іздеуіміз керек сияқты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев-  
тың "Қазақ қазақпен қазақ-  
ша сөйлессін" деп кезінде  
орыстілді қазақ бауырла-  
рымыздың намысын қай-  
рау үшін айтылған сөзі бар.  
Қазіргі таңда отандастары-  
мыздың бойында отарлық  
саясаттың салқыны, құл-  
дық психологияның әсері  
осы уақытқа дейін қатты  
сезіліп тұрады. Тіл тек  
қатынас құралы ғана емес,  
ұлттың ерекше белгісі,  
біздің ұлт ретінде бар  
екендігіміздің белгісі. Тіл  
құрыса ұлттың құритыны  
ақиқат. Өзімізді-өзіміз зор  
санамасақ, құрмет тұтпа-  
сақ, басқа ұлт өкілдері  
қазақ тілінің мәртебесі ас-  
сын, көсегесі көгерсін деп  
жатқаны шамалы. Прези-  
денттің бұл мәселеге ерек-  
ше көзқараспен қарауы  
көңілге қуаныш ұялатады.

Жолдауда шешімін тап-  
пай жатқан мәселенің бірі  
— ұстаздар мәселесі. Мұ-  
ғалім маманын дайындау —  
аса жауапты шаруалардың  
бірі. Біздің ой-пікірімізше,  
бұл мамандық — кім болса  
сол түсіп оқи беретін ма-  
мандық емес, тек лайықты  
жандардың кәсібі болуға  
тиіс. Жалпы халық арасы-  
нда мұғалімге және оның  
жеке кәсібі біліктілігіне де-  
ген көзқарасты түбегейлі

жеткізді.

Демократиялық қоғам-  
ның, ашық қоғамның бел-  
гісі — адам құқығы, оның  
еркіндігі. Сондықтан әр  
қазақстандықтың құқы-  
ғына құрметпен қарау не-  
гізінде Қазақстан Прези-  
денті митингілер туралы  
заңнаманы жетілдіру қа-  
жеттігіне тоқталды. Ми-  
тинг өткізуге рұқсат бері-  
лу керек. Расында, кейбі-  
реулер ойлағандай, шеру-  
лер мемлекетке ашық  
қарсы шығу шаралары  
емес. Бұл халықтың кейбір  
мемлекеттік іс-шараларды,  
оның мән-мақсатын түсін-  
беушілігінен туған ой-пі-  
кірді бейбіт жолмен шешу  
құқығы. Президенттің ми-  
тингілерге қатысты ой-  
пікірі еліміздің демокра-  
тиялық қоғам мен құқық-  
тық мемлекетке жету жо-  
лындағы үлкен жетістік-  
тердің бірі деп айтуға бо-  
лады.

Президент қозғаған ең  
маңызды сұрақтың бірі —  
ұлтаралық татулық мәсе-  
лесі. Әлемде Қазақстан си-  
яқты 130-дан аса ұлт пен  
ұлыстың басын қосып, та-  
тулық пен бірлікте отыр-  
ған мемлекет кемде-кем  
шығар. Еліміздегі бірлік пен  
тұрақтылықтың кепілі ұлт  
құраушы — қазақтардың  
қандай бір қиын жағдайда  
болсын бүкіл Қазақстан  
халқын татулық пен бірлік-  
ке шақыратын шыдамды-  
лығына, сабырлылығына,  
данылығына тәнті боласын.  
Бұл салада Елбасы Н.Ә.На-  
зарбаевтың бастамасымен  
құрылған Қазақстан Халқы

тан босату туралы туралы  
тапсырма беріп, 2020 жыл-  
дың қаңтар айынан бастап,  
орта және шағын бизнес  
нысандарын тексеруге бол-  
майтыны туралы жарғы өз  
күшіне енетін атап өтті.  
Әрине, мұндай шаралардан  
соң халықта ел экономика-  
сы біршама дамып, жақса-  
рады деген үміт басым.

Қазақстан Президенті  
жедел түрде педофилдер-  
мен есірткі таратушылар,  
адам саудасы, әйелдерге  
тұрмыстық зорлық-зомбы-  
лық көрсету, жеке тұлғаға  
қатысты қылмыстар, оның  
ішінде балаға қатысты  
қылмыс жасаушыларға жа-  
заны күшейту керектігін  
айтты. Менің ойымша, бұл  
жерде Президент қылмыс-  
ты жасаушылармен заң  
орындары ерекше айналы-  
сып, Ата заңның қылмысқа  
қатысты баптарына өзгеріс  
жасау керектігін, қосымша-  
лар мен толықтырулар ен-  
гізу қажеттігін айтып  
отыр.

Әрине, бұл бағыттар бой-  
ынша өте көп жұмыс күтіп  
тұрғаны белгілі. "Жұмыла  
көтерген жүк жеңіл" де-  
мекші, Президент бастап, ел  
костаса, бұл аталған мәсе-  
ле-лерді шешу, бұл шаралар-  
ды жүзеге асыру қиын емес  
деп ойлаймын.

**Баубек ЕЛЕУСОВ,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы**  
**Арқалық мемлекеттік**  
**педагогикалық**  
**институты, "Қазақстан**  
**тарихы, құқық және**  
**экономика негіздері"**  
**кафедрасының аға**  
**оқытушысы.**